

ТЕЛЕГРАММ БОТ ПЛАТФОРМАСЫ

● Мемқызмет

ҰЖЫМДЫҚ АРЫЗ НЕГІЗІНДЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДЕ

Мемлекет тарапынан азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің қорғалуы мен сеніміне ерекше басымдық беріледі. Бұл ретте, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық департаменттері көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің мәселелері бойынша мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттеріне және шешімдеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды. Осыған орай, Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен сервистік және клиентке бағдарланған мемлекеттік аппаратты қалыптастыру және азаматтардың өтініштеріне жедел кері байланыс орнату мақсатында өткен жылы «EgovKZBot2.0» telegram бот платформасы іске қосылған.

Бұл бот платформасының басты мақсаты – мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мәселелері бойынша халықпен жедел кері байланыс орнату және туындаған сұрақтарға толыққанды ақпарат ұсыну. Атап өту қажет, бот платформасы арқылы департаментпен 2025 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша 92 азаматқа тиісті түсіндірмелер берілген. Мәселен, ағымдағы жылдың қазан айында бот платформасы арқылы 5 азаматтың ұжымдық өтініші келіп түскен. Өтініште азаматтардың сол

жақ аяққа (модульдік) жамбас протезін және тізеден төмен жасанды аяқ протездерін алуға өтініш берілгені, дегенмен, техникалық себептермен өтініштер тіркеуге алынбауына байланысты әуресарсаңға түсу жағдайлары баяндалған.

Осы ретте, Департаменттің зерделеу шараларының қорытындысымен азаматтардың «Е-Собес» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде кезегінің келгені анықталып, техникалық ақаулықтарды жою туралы мемлекеттік органдарға тиісті ұсынулар берілді. Нәтижесінде, аталған ақаулықтар жойылып, азаматтардың құқығы қалпына келтірілді. Егер Сіздің мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты ұсыныстарыңыз болса, сондай-ақ, бірқатар қызметтер бойынша онлайн анықтама алғыңыз келсе ұялы телефоныңызға «Telegram» мессенджерін жүктеп, «EgovKzBot2.0» telegram ботын қолдана аласыз.

Telegram бот арқылы төменде көрсетілген тізбеге сәйкес өзіңізге керекті қызмет түрін таңдай аласыз.

- ХҚКО-на кезекті брондау; - 1414 операторымен байланысу; - уәкілетті органға өтініш; - әлеуметтік-еңбек саласының мәселелері бойынша оператормен байланысу; - көрсетілетін қызметтер;

- міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру; - Egov mobile жүктеу; - әкімшілік айыппұлдар болуын тексеру; - таяудағы ХҚКО; - Қазақстанда ашық үкіметті дамыту бойынша ұсыныс; - бот туралы; - баптаулар.

Егерде Сіздің уәкілетті органға қандайда бір шағымыңыз болса, өзіңізге қатысты толық ақпаратты көрсетіп, өзіңіздің шағымыңызды толыққанды баяндай аласыз. Нәтижесінде, Сізге 3 жұмыс күні ішінде тиісті жауап ұсынылады. Бұдан бөлек, telegram боттың жұмысын халықпен таныстыру мақсатында жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік желілеріне бейнероликтер және халық көп шғырланатын жерлерге QR код бейнеленген баннер эскиздері шығарылып жарияланды. Қазіргі таңда департаментпен шағымдану тетіктерін оңтайландыру және қызмет көрсету мәселелері бойынша кері байланысты жеделдету мақсатында «Sapaly qyzmet» telegram ботымен қатар «Сенім телефоны» Сіздерге уақытылы жауап ұсынуға дайын екендігін хабарлаймыз.

НАУРЫЗБАЕВ Абылайхан Дағыстанұлы,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
Түркістан облысы бойынша департаментінің
басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.



Желілік полицияда: адам саудасы



«STOP ТРАФИК» жедел профилактикалық іс-шарасы өтуде

Көліктегі полиция департаменті Арыс – 1 станциясындағы Желілік полиция бөлімінің қарау аймағында «STOP трафик» жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілуде. Осыған орай, Арыс қаласының тұрғындарына және қала қонақтарына, сонымен қатар, Арыс І-ІІ станциялары жолаушылар поезының жолаушыларына адам саудасы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ескертетін жәйт, адам саудасының құрбаны жынысына, нәсіліне, діни сеніміне, жасына және мәртебесіне қарамайды. Қазақстанның кез келген аймағында тұратын немесе Қазақстанға табыс табу үшін, қонаққа не саяхаттауға келетін кез келген жан адам саудасының құрбаны болуы мүмкін...

Адам саудасы – бұл қылмыс!

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 128-бабында көрсетілген:

1. Адамды сатып алу – сату немесе оған қатысты өзге де мәліметтер жасауы, сол сияқты, оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ, қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау – мүлкі тәркіленіп, төрт жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 135-бабында Кәмелетке толмағандар саудасы көрсетілген:

1. Кәмелетке толмаған адамды сатып алу – сату немесе оған қатысты өзге де мәліметтер жасауы, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ, қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау – мүлкі тәркіленіп, бес жылдан тоғыз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Адам саудасынан сақ болыңыздар!

Арыс – 1 станциясының Желілік полиция бөлімі
криминалдық полиция бөлімшесі.

«Арыс ақиқаты» газеті редакциясы Арыс қаласының Құрметті азаматы, газетіміздің белсенді авторы Оразхан Арыстанбаевқа зайыбы

Сәрсенкүл КЕРІМҚЫЗЫНЫҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Түркістан облысының Арыс ауданында «Арысское-III» кен орнында құрылыс құмын өндіру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға арналған материалдарына (ҚОҚ, ҚОЭН, КББ, ӨЭББ, ҚОҚ іс-шаралар жоспары) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдауларды өткізу орны, күні және уақыты: Түркістан облысы, Арыс қ. Өль-Фараби көшесі 3 (әкім. ғим), **09.01.2026 ж. сағ. 11:00-де.** Нысанның және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 42°21'54.78", 68° 49'49.075".

Бастамашы: "Шымкент мега групп" ЖШС, мекен-жайы: Арыс қ., Жаңажол, 16, БСН 200340010059, байл.тел.: +7(705)-365-79-79.

Материалдарды әзірлеуші: ЖК Сыдыкова Н., мекен-жайы: Шымкент қ., Қ.Төлеметов көш. 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Жобалық құжаттамамен танысу ndbecology.gov.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. қарауға және қосымша ақпаратты 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru арқылы алуға болады. Онлайн қосылымға сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Конференция идентификаторы: 616 540 8596. Кіру коды 123456.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "ТО ТР және ТП РБ" ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Проводятся общественные слушания в форме открытых собраний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие Плана горных работ добыче строительного песка на месторождении «Арысское-III» расположенного в Арыском районе Туркестанской области (РООС, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ).

Место, дата и время начала проведения: Туркестанская область, г.Арысь, ул.Ал-фараби, 3 (здакимата) **09.01.2026 г., в 11:00 часов.** Географические координаты участка и территории воздействия: 42°21'54.78", 68° 49'49.075".

Инициатор – ТОО "Шымкент мега групп", адрес: г. Арыс, ул. Жаңажол,16, БИН 200340010059, конт.тел.: +7(705)-365-79-79.

Разработчик материалов: ИП Сыдыкова Н., адрес: г. Шымкент, ул.К.Түлеметова, 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. Доп. информацию можно получить по номеру и эл.адресу: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Ссылка на онлайн подключение <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Идентификатор конференции: 616 540 8596. Код доступа 123456.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «УПР и РП ТО» по следующим адресам: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32,20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Түркістан облысы Арыс ауданындағы Монтайташ кен орнында (Итарха учаскесі) шөгінді жыныстарды (бентонит саздарын) игеру бойынша тау-кен жұмыстарының жоспарына (ашық әдіспен өндіру) әсер етуге экологиялық рұқсатты алуға арналған материалдарына (ҚОҚ, ҚОЭН, КББ, ӨЭББ, ҚОҚ іс-шаралар жоспары) ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдауларды өткізу орны, күні және уақыты: Түркістан облысы, Арыс қ. Өль-Фараби көшесі 3 (әкім. ғим), **09.01.2026 ж. сағ. 11:30-де.** Нысанның және әсер ету аймағының географиялық координаттары: 42° 13' 4,83", 68° 57' 19,42".

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «АкБлок» ЖШС, мекен-жайы: Түркістан облысы, Арыс қ., М.Дулатов, көшесі 31, БСН 220540029398, байл.тел.: +77010154422, alexuko@yandex.kz.

Материалдарды әзірлеуші: ЖК Сыдыкова Н., мекен-жайы: Шымкент қ., Қ.Төлеметов көш. 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Жобалық құжаттамамен танысу ndbecology.gov.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. қарауға және қосымша ақпаратты 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru арқылы алуға болады. Онлайн қосылымға сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Конференция идентификаторы: 616 540 8596. Кіру коды 123456.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда "ТО ТР және ТП РБ" ММ-не мына мекенжай бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады: Түркістан қ., Жаңа қала ш.а. 32 көшесі, 20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

Проводятся общественные слушания в форме открытых собраний по материалам для получения экологического разрешения на воздействие Плана горных работ на разработку осадочной горной породы (бентонитовых глин) на Монтайташском месторождении (участок Итарха) в Арыском районе Туркестанской области (открытая добыча)) (РООС, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ).

Место, дата и время начала проведения: Туркестанская область, г.Арысь, ул.Ал-фараби, 3 (здакимата) **09.01.2026 г., в 11:30 часов.** Географические координаты участка и территории воздействия: 42° 13' 4,83", 68° 57' 19,42".

Инициатор намечаемой деятельности – ТОО «АкБлок», адрес: Туркестанская область, г.Арысь, ул.М.Дулатова, №31, БИН 220540029398, конт.тел.: +77010154422, alexuko@yandex.kz.

Разработчик материалов: ИП Сыдыкова Н., адрес: г. Шымкент, ул.К.Түлеметова, 69/37-35, тел.: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале ndbecology.gov.kz, <https://beta.egov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar?lanq=ru>. Доп. информацию можно получить по номеру и эл.адресу: 87014438900, nurzhamal-sydyko@mail.ru. Ссылка на онлайн подключение <https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>. Идентификатор конференции: 616 540 8596. Код доступа 123456.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в ГУ «УПР и РП ТО» по следующим адресам: г.Туркестан мкр.Новый город, улица 32,20, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845.